

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік материалдық резерв мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 3 ақпандағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 57-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік материалдық резерв мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 3 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі орталық атқарушы органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 3

с ә у і р д е г і

№

5 7 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік материалдық резерв мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 3 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р / с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ	2010 жылғы маусым
2	Нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервті пайдаланған жағдайда сауда қызметінің субъектілерін іріктеу критерийлерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ, АШМ, ТЖМ	2010 жылғы мамыр
3	Мемлекеттік материалдық резервтің дебиторлық берешегін есептен шығару ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ, Қаржымині	2010 жылғы маусым

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы м и н и с т р л і г і
Қаржымині	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ТЖМ	- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар м и н и с т р л і г і
ЭДСМ	- Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі